## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1404 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 61-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақтың "Тікелей нәтижесінде":

бесінші абзацта "автокөлік - 1 дана" деген сөздер "автокөлік - 2 дана" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта:

"4 автомобиль)" деген сөздер "9 автомобиль)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жабдықтарын" деген сөзден кейін ", кемінде 5 дана медициналық жабдықтар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК